

Р.БЕРДІБАЙ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДЫҢ
ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ФОЛЬКЛОРТАНУ, ФИЛОЛОГИЯ,
ТҮРКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

II

ТОМ

92 71

5

3

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

17.12.2008
6/5
2008

**Р.БЕРДІБАЙ ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ
ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ФОЛЬКЛОРТАНУ, ФИЛОЛОГИЯ,
ТҮРКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

халықаралық ғылыми-теориялық конференция

2-том

— 270918 —

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
КІТАПХАНА
Түркістан қаласы

Түркістан-2008

ББК 83.3 (5 Қаз)
Б 45

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция алқасы:

Ташимов Л., Ергөбек Қ., Айменов Ж., Тұртабаев С., Мадуанов С., **Әбіл Ж.**

Жауапты шығарушы: ф.ғ.к. Ж.Камалқызы

Б 45 «Р.Бердібай және XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. 2 томдық. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2008 ж.
2 - том. - 320 бет.

ISBN 978-601-243-049-3 (2-том)
ISBN 978-601-243-046-2 (общ)

Жинаққа «Р.Бердібай және XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары топталған. ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібайдың әдебиеттану, фольклортану, түркология, әдеби сын және публицистикадағы еңбектерін бүгінгі күн тұрғысынан бағалап, ғалымның ұлттық ғылымға әкелген сонылықтары мен ұлттық мұраны қорғаудағы азаматтық биік парасаты туралы жасалған баяндамалар ғылыммен айналысып жүрген азаматтарға да, студент жастарға да, жастар тәрбиесімен айналысып жүрген оқу-ағарту саласындағы қызметкерлерге де, өнертанушылар мен саяси қайраткерлерге де, жалпы көпшілікке де өмірде пайдаға асатын қажет құрал бола алады.

ББК 83.3 (5 Қаз)

©ХҚТУ, 2008

ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

БАЙРАМ БАЙРАКТАР

профессор, доктор

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің I Вице-президенті

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҮЛГІСІ ТҮРҒЫСЫНАН ҮШ ТҮЛҒА: БІЛГЕ ҚАҒАН, АТАТҮРІК, НАЗАРБАЕВ

Қазіргі кезде тарих қоғамдардың бұрынғы кезеңдердегі бір-бірімен қатынастарын, қалдырған іздерін бізге көрсететіндей түрде бағалануы керек. Нағыз тарихшы үшін «шындықтар айқын, көрінеді және түсінікті» деу арқылы тарих жазылып, жасалмайды. Біреулердің құжаттарды жариялауымен де тарих жазылмайды және жасалмайды, мұны құжаттарды бір жерге жинау деп атауға болады, бірақ құжаттар да жалғыз сөйлей алмайды. Құжаттың жеке өзі бір оқиғаны немесе кезеңді түсіндіріп, айқындап бере алмайды.

Сондай-ақ, жеке құжаттың өзі болған оқиғаны теріске шығара алмайды. Қысқаша айтқанда құжаттар әрдайым зерттелуі мүмкін және оны қазіргі тарихшылар жүзеге асырады. Бұл орайда тарихшы өз ұлтының тарихына қайнар көздерге сүйене отырып, жазбаша түрде бағыт беруі, яғни бүгінді түсінуі және болашақты қалыптастыруы үшін қайнар көздерді, оқиғаларды түсіндіруі керек. Халықтардың өткен, бүгінгі және болашақтағы жағдайларын айқындауда және оларға бағыт беруде Білге қаған, Ататүрік және Назарбаевтың мемлекет және қоғам туралы көзқарастарын көрсететін бұл мақала осындай пікірден туындап отыр.

Еуропалық тарихшылардың пікірінше, Көктүрік қағанаты кезеңі түрік тарихының бастауы болып саналады. Ал біз, түрік дүниесі тарихшыларының ойынша бұл ата-бабаларымыздың өздерінің төл қайнар көздеріне қауышқан кезеңі болып сипатталады. Менің ойымша, бұл кезең классикалық түрік қағанаты кезеңі ретінде түрік дүниесі үшін айрықша орын мен мәнге ие. Классикалық түрік қағанаты кезеңі деп отырмын, өйткені Орхон жазбалары арқылы көктүріктер ұлы далада жаңа бір тарихи кезеңді бастағандықтарының хабаршысы болды. Демек, Орхон жазба ескерткіштері жаңа бір бастаманың басталғанын сүйіншілеген еді. Түрік тайпаларының, мемлекеттерінің, тілдерінің үстемдік дәуірінің басталғанын қағанат тайпасының сол кезеңнің ең батыр жауынгері Күлтегін үшін қойылған ескерткіш әлемге былай жариялады:

«Жоғарыда көк аспан, төменде жер жаратылған кезде екеуінің арасында адам жаратылған. Адамзат баласына ата-бабам Бумин қаған және Истеми қаған жаратылған. Олар тақта отырғаннан кейін түрік халқының жері мен салтын басқарған: Түрік халқының заңдарын белгілеген» (1. 83-167).

Бұл жерде әлемнің жаратылған кезеңі адамзаттың жаратылған уақытымен сәйкестендірілген, адамзаттың жаратылуы жер бетін қаптаған халықтарды ретке келтірген түрік қағандарының билеушілік кезеңімен бірге берілген.

Орхон жазбалары 725 жылы Тонькөк, 732 жылы Күлтегін және 734 жылы Білге қағанның атына тұрғызылған. Жазбалардың белгілі бір адамдық және әдеби құндылықтары бар: айқын, нақты тілмен мұқият жазылған. Өнегелік мәнмен жазылғандықтан бақытты екендіктерін «халықтың қарны тоқ еді», бақытсыздықтарын «от пен дауыл сияқты келді», шарасыздықтарын «көретін көздерім көрмей, білетін даналығым білмей қалды», күрестерін «жібердім, қаным ақсын» деген сияқты қарапайым және шынайы тіркестермен бергендіктері байқалады [2. 150-151-1. 165].

Орхон-Енисей жазбалары тек маңызды бір тарихи құжат емес, сонымен қатар жетілген әдеби өнімдер болып табылады. Бұлардың ішінде ең үлкендері болған Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштері осы тұрғыдан өте бай. Кляшторный мен Султановтың пікірлерінше барлық ортағасырлық түрік әдебиеті ішінде шешендік өнердің және батырлық тақырыбындағы ауызша дастандардың дәстүрлі формасын сақтаған саяси жазба түрінің Орхон жазбаларынан асқан айқын мысалы кездеспейді [1. 166-167].

Джеан Пауль Роукстің көрсетуі бойынша Орхон жазбаларына айтуға болатын жалғыз сын – соғыс бейнелері берілген кезде өлең мен түзу жазудың орын ауыстырған ырғақты сөйлемдері арқылы асып түсуге талпынғандары. Жазбаларда қазіргі кезде жетілген әрбір адамда болуы талап етілген туралық, батылдық, еркіндік қалауы, саяси және моральдық мәселелер діни тұрғыда түсіндіріледі. Жазбалар кемшіліксіз. Ұзаққа созылған төңкерісті бастан кешірген тілінің ескілігінен білінетін әдебиетпен алғаш рет осы жерде кездесетініміз секілді, тілдің кемшіліксіздігі де проблема туындатады. Қазірдің өзінде білімі бар түріктің бұл жазбаларды еркін оқи алатынын көру өте қызғылықты. Жазбалардан байқалатын ұлтшылдық Мұстафа Кемал Ататүріктің ұлтшылдығын еске түсіреді. Шет тілдерден өте аз сөз қолданылған.

Бірінші Көктүрік қағанатының 630 жылы ыдырауы нәтижесінде түріктер Орталық Азияда 680 жылға дейін қытайлардың қарамағында болды. Бұл кезеңде түрік бейлері төмендетілмейтіндей көлемде мәдениет және өмір салты тұрғысынан қытай ықпалында қалған халық тақырыпқа қатысты зерттеулерін ортақ тілмен көрсету арқылы, саот-дәстүрлерін қорғау арқылы түрік болып қалуды жалғастырды. Бұл фактінің негізгі себебі халықтың өмір сүру салтын өзгертпеуі, мекендерін, аттарын, отарларын тастамауы және ұшсыз-қиырсыз жерлерін, атамекендерін тастамастан азат өмір сүруді қалауларынан басқа түсінікпен түсіндірілуі мүмкін бе? Көне түріктерде қазіргі сияқты азат және тәуелсіз өмір сүруге талпыну ретінде адам мен қоғамның зейініне қашалып жазылған еді. Сондықтан да халық елінің ыдырап, тәуелді сипатқа ие болуына риза емес-тін, сол себептен қайғыратын, бей болып тұрғанда тәуелді адамға айналып, мырза болып тұрғанда тұтқынға айналған еді [2. 144-145].

Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, уақыт өте келе халықта ұлтшылдық сезім күшейді. Бұл сезім қаншалықты қауым мен хандыққа бағыныштылықпен шатастырылса да, тіпті кейбір адамдардың пікірінше тарихи қақтығыс болып саналса да барынша ақиқат бір сезім болатын. Халық

бейлердің де, тектілердің де ұлттық тұрғыда өмір сүрулерін, ұлттық тұрғыдан ойлауларын және халықтан ажырамауларын қалады. Бөлінгендерін сатқындықпен айыптады, бұрынғының жақсы күндерін қайтадан алып келетін бір қаған, бір көсем күтті. Қысқаша айтқанда, азаттықты, тәуелсіздікті, молшылықты және бейбіт өмірді ұсынатын өмірге көзқарастың көрінісі еді бұл.

Білге қаған ескерткішінде әлемнің жаратылуымен бірге жүретін тәртіп ішінде түрік тәуелсіздігіне баса назар аударылады: «Аталарым Бумин қаған мен Истеми қаған тақта отырған, түрік халқының елін, салтын басқарған. Төрт тарапы дұшпан болған. Әскер жинап, төрт тарапындағы қауымды бағындырған... Олар дана қаған екен, батыр қаған екен... Бұйрықтары да дана екен, батыл шешімді екен. Бейлері де, қауымы да сүттей ұйыған екен. Сондықтан да мемлекет құрып, заңдар, салттар қойған...» [3. 407].

Кейіннен қабілетсіз басқарушылар арқылы халық арасында келіспеушіліктер туындап, қоғамдық қақтығыстың орнағаны былай беріледі: «...ұл әкесі сияқты жаратылмағандықтан білімсіз қағандар таққа отырған. Бұйрықтары да негізсіз, жаман екен. Бейлері мен қауымы күнәхар болғандықтан, Қытай халқы да айлакер, сұм болғандықтан, інісі ағасына қарсы келгендіктен, бейлер мен халықтың арасында дау болғандықтан, яғни қоғамның тәртібі бұзылғандықтан түрік халқының мемлекеті ыдыраған». Қысқаша, бірінші түрік қағанатының құрылуы, көтерілуі және кейіннен бөлшектенуі Білге қаған тарапынан осылай беріледі.

Жазбалардан оғыз-қыпшақ түріктерінің мәдениеттері, діндері, мүдделері, соғыс тактикалары мен қорғану әрекеттері туралы негізгі мәліметтерді табудамыз. Гумилевтің пікірінше Орхон жазбаларының берген мәліметтері қытайлардың берген мәліметтерінен артық. Жазбаларды түріктердің мәдениет және идеология эксперименті деп қабылдау керек [3. 407].

Қағанаттың идеологиясы екі қағидаға сүйенеді: Қытай мәдениетін шығару және Орта Азия халықтарын бір билік астына біріктіру. «...алтын, күміс, шарап және жібекті молынан беретін қытайлардың тілі бал, жібегі тамаша екен. Шырын тілі мен тамаша жібегімен алдап, алыстағы халықты осылайша өздеріне жақындатып, өздерінің «жаман ғылымдарын» үйретеді екен...»

Байқасаңыз, бұл жердегі «жаман ғылым» түріктің табиғатына сай келмейтін бейімділіктердің, түсініктердің, яғни Тоныкөк те сынаған Буддизмнің жалпы атауы болып табылады. Ататүріктің 1923 жылы 20-наурызда Конияда жастармен сөйлесіп отырғанда жасаған ескертуінің тәсілі Білге қағанның тілімен өрнектеледі:

«...зиялыларымыз ұлтымды ең бақытты ұлт етейін дейді. Басқа ұлттар қалай болса оны да дәл солай етейік дейді, алайда мұндай теория ешқандай дәуірде сәтті болмағанын ойлауымыз керек. Бір ұлт үшін жақсы болған нәрсе басқа ұлт үшін жаман нәрсе болуы мүмкін. Бірдей себептер мен шарттар бірін сәттілікке алып барса, екіншісін сәтсіздікке алып баруы мүмкін. Сондықтан да ұлтқа жол көрсеткен кезде әлемнің әр түрлі ғылымын,

жаңалықтарын, жетістіктерін пайдаланайық, алайда басты негізді өз арамыздан шығаруға міндетті екенімізді ұмытпайық» [4. 145].

Мұстафа Кемал Ататүрік дәл Білге қаған секілді түріктік әлемінің ең көне кезендерін кепілдеме ретінде қолданған. Орта Азияда күшті, жүйелі, өз кезеңінде көршілерінің құрметіне бөленген мемлекеттер құрған ата-бабаларымыздың байланыс орнатқан Араб-Сасанид-Византия мемлекеттерінің ыдырау кезендеріндегі құрылымдарынан жағымсыз ықпал алғандықтарын айтады. Түріктер аталмыш қоғамдардың «бұзық әдеттерінен және жаман жақтарынан өздерін қорғай алмағандықтан, оларда шатасқан, ұлттық емес, адамзатқа жат қылықтар туындатқан» деп түсіндірме береді.

Ататүрік түрік халқының уақыт өте келе артта қалуының негізгі себептерін ұлттық мәдениеттен алыстаудан көрген, бұл түсінік Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың осы мәселедегі пікірлеріне ұқсайды. Назарбаевтың пікірінше «...мәдениет бір түстен басқа бір түске ауыстыруға болатын қарапайым бір сурет емес... Саяси, құқықтық және экономикалық ұйымдар мен жаңашыл өндірістік технология біртіндеп бірізділікке қарай ұмтылғаны ақиқат, алайда мәдениеттің негізгі іргетасы өзгергестен сол қалпында қалуда. Бұл бір мәдениетке ие адамның жер мен көктегі барлық нәрсені, бүкіл өмірдің негізін және құндылығын белгілейтін бір өлшемі болып табылады. Бұл құндылықтардың жиынтығы» [5. 268]. Бұл жердегі мәселе - сипатты анықтауда ұлттық мемлекет және қоғам моделі үшін ұлттық мәдениеттің өмірлік мәніне назар аударылған.

Ататүріктің ұлттық тәуелсіздік үшін төңкерісшіл әдісті қабылдағандығы байқалады. Көне түрік тіліндегі халық, отан және мемлекет мағыналарын беретін «атамекен (атаюрду)» сөзі ол үшін айрықша мәнге ие. «Осман мемлекеттері бөлшектенген еді, ол жерде бір уыс түрік паналаған атамекен қалған еді». Сондықтан «...қаншалықты бай және жоғары өмір стандарттарына ие болса да тәуелсіздіктен мақұрым бір ұлт дамыған елдердің назарында қызметші сипатына ғана ие болады... Басқа мемлекеттің иелігі мен қамқорлығын қабылдау адамзат ерекшеліктерінің ішіндегі сәтсіздікті көрсетеді. Бұл дәрежеге түспегендердің өз еріктерімен билікке басқа біреуді әкелуі мүмкін емес. Бұл түсінікке қарсы түріктің қадірі мен қабілеті өте жоғары. Мұндай ұлттың құл боп өмір сүргеннен жоқ болғаны жақсы. Сондықтан да не тәуелсіздік, не өлім» [6. 9].

Қазақстанның президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз халқына қатысты Мұстафа Кемал Ататүрікке ұқсас бір баға береді. Назарбаев: «...менің халқым бүкіл ХХ ғасыр бойы басқа ұлттар түсінде көрсе шошып оянатындай қорқынышты оқиғаларды бастан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай білетін төзімділігіне қайранмын! Шексіз және аяусыз шапқыншылық селдерінің кеміріп, үгіткен қиын шақтарында азап көрсе де мықты қалпында қала білген» дей отырып, қазақ халқының өткен тарихымыздан қазірге дейін сақталып қалуының сырларын ашады. Қазіргі кезде жаһандану деп аталатын процесте Орта Азияның түркі тілдес халықтарына және мемлекет басшыларына Назарбаевтың және

Қазақстанның көптеген тұрғыдан көсемдік, басшылық жасағандығын меңзейді [5. 270].

Білге қаған мен Ататүрік сияқты тарих біліміне ие болу, тарих мәселесінде бір перспективаға ие болу және қоғамына көрсету мәселесінде қабілет мен сезімталдығы тұрғысынан президент Назарбаев қазақ халқының жоңғарларға қарсы соғысында соңғы тәуелсіз хан Кенесары Қасымұлы бастаған тәуелсіздік соғысындағы ерліктерін көрсетеді. Назарбаевтың айтуынша «...Қазақтар 1920 және 30 жылдары шексіз далада бостан-бос аштықтан қырылған жоқ. Саяси режимге қарсы қолына қару алып күресті. Сталиннің бұғауына қарсы ашық түрде бас көтерді, бірақ күштері жетпеді. Әлсіреген халықтың бір бөлігі шарасыздықты қабылдауға мәжбүр болды. Бір бөлігі өз тамдарын тастап, топтасқан түрде ауып кетті. Қазақтар қаншама рет қырғынға ұшырау қаупіне кезікті, бірақ өмір мен азаттыққа деген құлшыныспен жығылған еңсені қайтадан көтеріп, Тәңірден үміт күтті» [5. 270].

Ататүріктің елі жаудың шапқыншылығына ұшырағанда олардың қалай күрескенін, ішкі және сыртқы себептермен бұл күрестің табысқа қол жеткізгенін көреміз. Тәуелсіздік үшін күрес екі халыққа қымбатқа түскенін былай қойғанда, Түркияға табыс әкелсе, қазақтар күрессе де табысқа қол жеткізе алмағандықтан дұшпанның үстемдігін қабылдай отырып, өмірде сақталып қалуға табандылық танытқан, бұл бір-бірінен айрықша екі модельдің пайда болғанын көрсетеді.

Мен осы екі күрес моделі бойынша Ататүріктің тәсілі төңкерісшіл, ал Назарбаев пен қазақ халқының тәсілі болса қақтығыссыз эволюцияшыл деп көрсеткім келеді. Ататүріктің тәсілді айқындауда маңызды көзқарасы бар. Ол айтады: «Біздің жолымызды сызған нәрсе өмір сүріп отырған жеріміз, түрік ұлты және ұлттар тарихының мың да бір ғажайыпқа толы күресінен шығарған ащы нәтижелер болып табылады».

Ататүріктің тәсілі жалпы қақтығысшыл және бұл Түркия түріктерінің ішкі және сыртқы саясатта әрекет образын белгілеуде негіз етіп алуларының себептерін де бізге көрсетеді. Өзара ынтымақтастық мәдениеті Назарбаев пен қазақ халқында кең тараған. Түркияда күрес тәсілі үшін жалпы төңкерісшіл әдіс қабылданған. Бұл әдістің адамдардың әрекеттерінде көрініс бергенін көруге болады. Сонымен қатар, орны келгенде эволюциялық әдістердің де қоғам өмірінде кездесетінін байқауға болады.

Назар аударылатын болсақ, қоғам мен мемлекеттің тәуелсіздігі мәселелерінде Ататүріктің көзқарастары Білге қағанның көзқарастары секілді түбірлі сипатқа ие. Түрік халық көтерілістерін бағаланған Л.Н.Гумилев: «Түріктер бас көтере отырып, үмітсіз соқыр тәуекелге бел буған еді. Империяның ортасында болатын және төрт жағы дұшпанмен қоршалған-ды. Өздерін қолдайтын елдері де, одақтастары да жоқ болатын, сандары да дұшпаннан аз еді» дейді. Бұл мәселе бойынша ескерткіштерде түріктердің жақсы өмір сүру үшін емес, тек азат өмір сүру және өз мемлекеттерін құру мақсатында бас көтергендіктеріне назар аударылған [3. 338]. Өз еңбегі мен күшін қытайларға бергісі келмеген түрік халқы «өзімізді өлтіріп, жоқ

болғанымыз жақсы» деп өлімге бет алды. Білге қағанның тәуелсіздік туралы көзқарастары мен Ататүрік пен Назарбаевтың пікірлерінің арасында ортақ түсініктер бар. Жасалған барлық күрестер халықтың тәуелсіздікке қауышуы үшін міндетті бір өмір түрі ретінде көрсетілуде. Түрік ұлттық күресі мен қазақ халқының Назарбаев көрсеткен күрес әдісі ұқсас ерекшеліктерді көрсетеді. Назарбаевтың Ататүріктен ықпалданғанын білеміз. Екеуі де сыртқы саясаттың шебері.

Елінде, аймағында және дүниеде реттілікті, тәртіпті, бейбітшілікті ұсынатын үш көсемнің көзқарастарында ұлттық тәуелсіздік пен азаттық үшін қажет болса өлім де назарға алынуы керек. Лайықты өлім әрқашан да намыссыз өмір сүргеннен артық деген түсінік қабылданған. Бұл түсінік Білге қаған мен оның халқында, Ахмет Байтұрсында, Мағжан Жұмабайда және шарттар қажет етсе Назарбаевта және қазақ халқында кездесетін төңкерісшіл бір түсінік болып табылады. Әйтпесе орыстардың Қазақстанға 150 жылдық арпалыстан кейін ғана кіре алуларын қалай түсіндіруге болады? Сондай-ақ, 1986 жылғы 16 желтоқсандағы көтерілісті тәуелсіздік күні деп ресми түрде енгізген әрекетке төңкерісшіл деп қарамауға бола ма? Назарбаевтың мемлекет ісін осындай аласапыран кезеңде табысты түрде жүргізуін қазақ халқының, түріктік әлемінің және дүниенің бейбітшілігі атынан қошеметтеу керек.

Назарбаев уақыт ағымы ішінде тарихты қалай түсінгені, қабылдағаны және оқиғалар тұсында қалай әрекет жасау керектігін өзі мен қазақ халқының әрекеттеріне де үлкен мән бере отырып көрсетеді бізге. Сондай-ақ, өз халқының өзіне берген сабыр мен түсінік тәлімін мақтаныш тұтатынын, жетілген ұлттық және халықаралық мәселелерде тек бейбіт әдістерді қолданып, тартыс және қақтығыс әдістеріне жүгінгісі келмейтіндігінің орынды негіздері мен себептерін көреміз.

Осы тұрғыдан салыстырғанда Назарбаев пен Ататүріктің арасында ортақ тұстармен қатар айырмашылықтардың да бар екенін байқауға болады. Бұл айырмашылықтар конъюнктураның шарттарынан келіп туындайды, алайда үш көсем де мемлекет құрушы, идеология орнатушы және тарих жасаушы сипаттарымен өздерінің ортақ бағыттарын көрсеткен.

Үш көсемнің де қоғамы да өз кезеңдерінде демократиялық-бюрократиялық бір құрылыммен басқарылған. Бұл үш көсем де ұлттық намыстың ең жоғары дәрежеде және толық түрде дамуына, ілгерілеуіне бағытталған жолды ұстанғаны байқалады. Көктүріктер кезеңінде қалыптасқан географиялық мәдени тіл тұтастығы барлық түркі тілдес халықтардың тарихына өз таңбасын салғанын мойындауымыз керек. Егер көктүріктер бұл жетістікке қол жеткізбегенде түрік тілдес халықтар қытайлардың, парсылардың және арабтардың мәдениеттері арасында өз сипаттарынан айрылып, селжүктер, османдықтар, хандықтар мен қазіргі Түркия мен Қазақстан болмайтын еді десек артық айтқандық емес.

Қорыта айтқанда, ұлттық тарих, ұлттық мәдениет, ұлттық тіл, басқарушылар мен оның қарамағындағылардың арасындағы үйлесім, демократиялық құрылым, қазіргі нарықтық экономика, аймақтық

келісімдерде әлемдік бейбітшілікті тек Ұлы мемлекеттерден күтпестен инициатива қолдана отырып, ықпал ету, қоғамда тарихи сананы ояту, бүгінді түсіну және болашақты қалыптастыру утопиясы екі көсемде де – Ататүрік пен Назарбаевта ортақ. Екеуі де Білге қағанның мирасы бойынша өз дәуірлеріне өз таңбаларын салған, ұлттық және халықаралық мағынада өшпестей із қалдырып отырған маңызды тұлғалар. Екі көсемнің де негізгі күштері - өз халықтарын сүйюлері және өз халықтарының сүйіспеншілігіне бөленулері. Менің ойымша, бұл жағдайдың негізгі себебін ұжымдық түсініктердің және басқа мәдениеттердің ықпалымен өз сенімін жоғалтқан қоғамдарына сіңірген ұлттық намыс санасын жаңашыл өркениет құндылықтарымен шатастырмастан, барлық нәрседен жоғары ұстауларының маңыздылығын назардан тыс қалдырмай, екі көсемнің ұлттық мәдениеттерін әлемдік өркениет құндылықтарымен қайтадан синтез жасап болжау тұрғысындағы жол көрсетушілік қасиеттерінен іздеу керек...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кляшторный С.Г., *Kazakistan Türk'ün Üç Bin Yılı*, (Rusçadan Çev.; D.Ahsen Batur), Selenge Yayınları, İstanbul, 2003.
2. Jean Paul Roux, *Orta Asya Tarih ve Uygarlık*, "Çev.; Lale Arslan, İstanbul, 2003; Орхон жазбалары 1712 жылы орыстарға тұтқынға түскен швециялық офицер И.Страхленбург тарапынан Енисей жерінен табылды. Жазбалар Швеция руника жазбасына ұқсатылғандықтан, олар руникалық деп аталды. Батыстық ғалымдар тарапынан осы атау қолданылып, таратылды. 1889 жылы Орхон өзені жеріндегі тұрғызылған алып тастар болса, даниялық В.Томсен және түрколог В.В.Радлов тарапынан оқылды. Бұл жазбалардың жалпы атауы - Орхон-Енисей жазбалары.
3. Гумилев Л.Н., *Көне түріктер*, (ауд.: Ахсен Батур), Селенге баспасы, Стамбул, 2003.
4. Atatürk, *Atatürkün Söylev ve Demeçleri II*, Atatürk Araştırma Merkezi Yayını, Ankara, 1989., Конияда сөйлеген сөзінде Ататүрік былай дейді: «...халықтарымыздың тарихын, рухын, аңыздарын тура, дұрыс көзқараспен көруіміз керек. Әлі күнге жас зиялыларымыз арасында халықпен бірге әрекет жасау нақты емес екенін мойындауымыз керек. Мемлекетті құтқару үшін осы екі сана арасындағы бөлінушілікті тоқтату, қадам баспастан бұрын осы екі сана арасында үйлесім орнату керек. Бұл үшін халық біраз жедел қадам басып, зиялыларымыз өте шапшаң жүрулері керек. Халыққа жақындау және халықпен біте қайнасу зиялыларымызға жүктелген міндет болып табылады». 20 наурыз 1923
5. Нұрсұлтан Назарбаев, *Ғасырлар тоғысында* (ауд.: Бану Мухияева), Билиг баспасы, Анкара, 1997
6. Mustafa Kemal Atatürk, *Nutuk*, Atatürk Araştırma Merkezi Yayını, Ankara, 1997

КЕНЖЕТАЙ Д.

философия ғылымдарының докторы

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

АХМЕТ ИАСАУИ ЖӘНЕ ҚОРҚЫТ АТА ІЛІМДЕРІНДЕГІ АДАМ

Ахмет Иасауи ілімі мен Қорқыт Ата мұрасы дәстүрлі түркілік дүниетанымның бастауларынан нәр алған. Ә.Нысанбаев, Қорқыт Ата мұрасын Орхон-Енесай жазба ескерткіштерінен кейінгі барша түркі баласының табан тірер тұғыры ретінде бағалап, “Өлмес бұрын жан бермектің дертін тартып”, өз еркімен жер астына түскен Иасауи әрекетінің мәнін түсіну үшін алдымен, өлімнен қашып, мәңгілік өмір іздеген, құдіретті күйімен “ажалдың өзін жеңген”, тағы бір түркі ойшылы Қорқыт Ата ізденісінің байыбына ой жіберіп алу қажет”, - деп Иасауи мәдениетін тұтастық тұрғысынан зерделеуге бағыттаған. Біз де осы қағиданы басшылыққа ала отырып, дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы адам туралы түсініктер мен танымдардың мәніне тоқталып өттік.

Енді Қорқыт Ата мен Әзіреті Иасауи ілімдерін, ондағы адам мәселесін қысқаша салыстырып көрейік.

Қорқыт Ата дүниетанымында табиғат, ұлылықтың, сұлулықтың өзі деп бағаланса, Иасауи дүниетанымында табиғат, Тәңірінің құдіреті мен ұлылығының көрінісі ретінде ұғынылады. Иасауи табиғатқа қарап оны жаратқан Тәңірінің көркемдігіне, сұлулығына, құдіретіне, суреткерлігіне тоймай, оған деген махаббаты арту үстінде болады. Қорқыт Ата кітабында табиғат элементтерінің антропоморфтық сипатқа ие болғандығын көруге болады. Көшпелі табиғатпен тілдеседі, мұндасады, сырласады, одан жөн сұрайды, кейде өкпелеп, ұрсып та алады. Иасауиде бұл мазмұндағы табиғатпен қатынас жоқ десе де болады.

Қорқыт Ата дүниетанымында Тәңірі өкпелейді, ашуланады, жазалайды т.с.с. Оның белгілі мекені бар – Көк. Көшпелілер Тәңірге жалбарынып, мінәжат етерде жүзін көкке қаратып, екі қолын көкке көтеретін болған. Ал Иасауиде Тәңірі уақыт пен кеңістік ұғымдарының үстіндегі “ла макандағы” әрі ол абстрактілі болмыс болғанымен әрі адамға күре тамырынан да жақын, оның болмысында, яғни, адамның көңілі (рухы, сыры, жүрегі, қалыбы) жан үйінде орналасады. Иасауи Тәңіріні патша, сұлтан, сүйікті, дос сияқты сипаттар арқылы оны антроморфты түсініктермен ұғымдармен ұсынса да бұл құбылыс- мазмұн мән жағынан мүлдем басқаша. Иасауи Тәңіріні Исламның принциптері шеңберінен алып, адамның рухына жақын дос, сүйікті ретінде көруі, оның Тәңірді адамиландыруы емес, оны адамның болмысының, мәнінің мазмұнына жақындату, онымен тілдесу, үндесу-үйлесу деген ойдан туған. Иасауидің Тәңірді іздеп кезбеген “жері”, “аспаған асуы”, “баспаған бел-белесі”, “өтпеген көлі”, “кешпеген өзені” жоқ. Астын сызып отырғандағы себеп, бұлар – Иасауи терминологиясындағы рухани-психологиялық әрі символдық хәлдер мен тұрақтарды, ұстындарды беретін ұғымдық-

құбылыстық көрсеткіштер. Соңында Тәңірдің өз рұхында, жүрегінде екендігінің мәніне жетеді.

Қорқыт Ата дүниетанымында адам материалды байлыққа қос қолдап жабысқан, одан айрылуды ойына да келтірмейді. Өйткені материалды дүниені тәрк ету ол үшін өлім деген сөз. Қорқыт Ата өмірдің шектеулі, өте қысқа екендігін ойлап, өлместей іс қалдыру өз алдына, адамның өмірге тояттайтындай, мәңгілік өмірді қиялдайтын. Бірақ бір түрлі мәңгілік өмірдің шешімі мен көзін іздеп, оның шешуін үздіксіз табиғат тылсымынан табылады деп үміттенетін. Өйткені түркілік дүниетанымда табиғат мәңгілік. Орхон (VIII ғ.), Енисей жазуларын аталарымыз қолдарында қағаз, тері бола тұра “табиғатпен мәңгі бірге таңбалансын деген мақсатпен өсиетнама-аманаттарын “мәңгі тасқа ойып” жазып кеткені де осы дүниетанымдық әмбебаптар мен ұстындардан туған. Көшпелінің өлімнен қорқуы да материалды түсінікке негізделген. Өмірдің қысқалығын сезініп, дүниетанымы, тұрмыс тіршілігі үздіксіз қозғалыс, толассыз күрес жүргізіп, қысқа уақытта ұрпағына нұсқа құндылықтар мирас етіп қалдыру үшін тырысқан. Ең қысқа уақыт ішінде ең ұлы істі тындыру мақсаты оның өлімнен қорқуы дүниеде нақты іс тындыра алмай кетем бе деп сезіктенуінен.

Иасауидің қауымындағы адамдар Ислам өркениеті арқылы тұрмыстық түсініктері де өзгере бастаған. Қоғамдық-әлеуметтік жүйедегі өзгерістермен қоса экономикалық қатынастары да өзгерген. Бұрынғы мал шаруашылығы мен аңшылық басым болған дәуірдің орнын енді сауда, егіншілік ала бастаған.

Қорқыт Ата әңгімелері мен аңыздарында көшпелі тұрмыстың әлеуметтік жүйесін реттеуші, әр істе онымен ақылдасып, кеңесіп отыратын тұлға Қорқыт Ата болатын. Жан-жақты игілікті тұлғасымен, даналығымен ерекшеленген Қорқыт Ата, сонымен қатар төренің, дәстүр-салттың символы, тізгінін қолына ұстап отырған кемеңгер болатын. Кейіннен төре мен дәстүрден келген жарғының орнына исламдық принциптер мен Құранға негізделген шариғат қағидалары орнай бастаған. Тұрмыс-тіршілік салты көшпелі мәдениеттегіге қарағанда қозғалыссыз, тоқтаған сияқты. Көшпелі мәдениеттегі жеке адамдар арасында байланыс пен ортақ өмір салты бар біртұтас қоғам болатын. Өркениеттің негізінде отырықшы бола бастаған қауымның бір бөлігі саудамен қалалық, егіншілікпен ауылдық, қалған бөлігі де көшпелі өмірін жалғастырып-мал бағып кетті. Яғни, көшпелі қоғам тұтастығынан айрылып, ыдырап, бытыраңқылыққа бет алды. Бұрынғы мәдени негізге сүйенген туыстық, кәсіптік, мәдениеттік және т.с.с. байланыстар әлсіреп, үзіле бастады. Әрбір топ өзінің тұрмыстық қажеттіліктерінен туған “жаңа құндылық” өлшемдерін қабылдап, түсінігі, дүниетанымы да басқа түске боялып, басқа қалып, пішін ала бастады. Көшпелі мәдениеттегілердің бөлініп, ыдырау құбылысы бұрын тұтастық негіздегі адамдар арасында “сен-мен”, “менікі-сенікі”, сияқты құндылықтар төңірегіндегі дау-жанжалдарға, түсініспеушілікке әкеліп, бұрынғы дүниетанымдық ұстындар құлап, ұйытқы шайқала бастады. Бұл құбылыс қазір айтуға оңай болғанмен сол кездегі уақыт пен кеңістікте үлкен

психологиялық үрей, дүниетанымдық мұхитта дүлей, қорқыныш туғызды. Міне, осы кезде, топтар арасындағы өзара тартыс, сенімсіздік, үрейді, саяси жүйедегі олқылықтармен үйлесімсіздіктен туған қорқынышты жою үшін Иасауи және оның дүниетанымдық ұстындары мен принциптері қалыптасқан болатын. Тілі бір, ділі бір, өткені бір түркілердің арасындағы, жаңа өркениет нәтижесінде пайда болған психологиялық себептерден шыққан ащы шындықтарға көз жұмуға да болмайтын. Иасауи бұрынғы дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы генетикалық-қандастық бірліктің орнына оларды бір-бірін сүйеге, игілікке, әсемдікке, түсінікке, бақытқа қауыштыру, жаңа исламдық-рухани негізде топтастыру үшін өзіндік жол, ілім қалыптастырды. Материалдық күшке негізделген тұрмыс тауқыметімен жамандықтарынан адамды арылтуды алдына мақсат етіп қояды. Көшпелі тұрмыстық жүйесінің негізі “қан-сүйек бірлігінен” рухани бірлікке өткен адамдардың бұрынғы құлаған құндылықтарын жаңа исламдық құндылықтармен қайта жандандыруға кіріседі.

Иасауи көшпелінің рухындағы жауынгерлік, күрескерлік қуатты, жаңа әрі қиын күреске бағыттауға тырысады. Бұл жана, әрі қиын күрес алаңы адамның өзі болатын. Өйткені Иасауи сол дәуірдегі болып жатқан құбылыстар мен қиындықтардың көзін түсіне алмай дал болуының себебі адамның өзін-өзі танымауынан, өзінің мәнін аша алмауынан деп түсінеді. Қоғамдағы әлеуметтік тұрмыстағы болып жатқан құбылыстар мен өзгерістер, адамның ішкі әлеміндегі қарама-қайшылықтардың, іштей болмыстық бөлінулердің қоғамдық өмірдегі көрінісі болып табылады. Бұл дерттен тек ішкі әлемінде тұтастыққа, үндестік пен үйлесімділікке қауышқанда ғана, яғни, өзін-өзі танығанда ғана құтыла алады. Ол үшін адамның өзімен-өзі күресіп, өзін-өзі жеңіп, ішкі тұтастығын табуы арқылы ғана рухани тепендікке, бақытқа қолы жетеді деп ой түйеді.

Қорқыт Ата дүниетанымдық көшпелі мәдениетте қоғамның мұрат еткен адам типі – алып, батыр, ер. Қуат пен құдіретті айшықтайтын бұл батырлар типі көшпелі адамдар үшін мақсат, үлкен мұрат болатын. Өйткені олар өзінің көшпелі мәдени құндылықтарын сақтап, оның тіршілік етуіне мүмкіндік беретін сол бұлақтан сусындаған төл перзенттері еліне “білек күші найзаның ұшымен” қорған болған алыптар. Ал, Иасауидің қоғамға сіндіріп, қабылдағысы келген мұрат еткен адам типі – кемел адам, яғни, суфи, дәруіш. Қорқыт Ата дүниетанымдында әркім батыр, ер, алып, болуға ұмтылуы тиіс болса, Иасауиде барлық адам “кемел адам” болуын қалайды. Өткен көшпелі мәдениеттегі ең негізгі құндылық болып табылатын батырлық, ерлік, алыптық ұғымы ислам мәдениетінде де дәріптелетін, мұрат етілетін басты құндылықтар. Дегенмен Иасауи сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте емес жүректе екендігіне, адамдық мәнің сыры жүрек, рух арқылы ашылатындығын басты тұғыр қылып көрсетті. Батырлық, ерлік, алыптық ұғымы байытылып, мазмұны жағынан терендетіліп, толықтырылды. Көшпелі мәдениеттегі негізгі күш материалды қуат, батырлық, білектілік ретінде дәріптеліп “қанша батыр болса да жауға салма жалғызды, қанша шешен болса да дауға салма малсызды” деген қағида бойынша шектеліп,

таразыланып қойылатын. Ал, Иасауи ілімінде “батырлық жүректе”, ал жүрек болса шексіздік әлемін – Тәңірді де сыйдыра алатын, адамдағы ең асыл күш болып дәріптелген. Бұрын “көп қорқытатын” болса енді ол жүректілікпен, адамдық мән-рух тазалығымен, Құрандық аяттармен қаруланып тереңдікке жетіп, Абайдың тілімен айтқанда “мыңмен жалғыз алысатын” сатыға, рухани кемелдікке көтеріледі. Өзінің орнын анықтау үшін қоғамға тайсалмай кіріп, етене араласа алады. Өзінің “менін” қоғамдық менмен үйлестіре алады. Онымен бетпе-бет, диалог-сұхбатқа енеді. Сұхбатқа түсу үшін рухтың тазалығы, өзіне деген сенім, жауапкершілік сезімі қалыптасуы керек. Адам рухындағы сезім, қорқыныш, үрей, жауапкершіліктен безу сияқты психологиялық хәлдері реттеп отыратын күш – иман нұры.

Иасауи кемел адам тишін мақсат еткен ілімін қоғамға мойындату, қабылдату үшін дәстүрлі түркілік дүниетанымдық ұстындарды өзіне жабдық ретінде алады. Бұл жабдық көшпелі мәдениеттің бесігі – тау, тасы, суы, топырағы төңірегінде қалыптасқан түсініктер, категориялар, құбылыстар, ұғымдар екені анық. Көшпелі адам дүниетанымындағы табиғат ананың барлық элементтері ерекше мән, киеліліктің объектісі ретінде көрінетін болса, Иасауи ілімі сол мәнді, киеліліктің объектісін адам ретінде көрсетіп, Тәңірдің жаратқан дүниесі табиғат, тау, тас, өзен, топырақ адамның игілігі үшін Тәңірі тарапынан беріліп, адамға сәжде етіп тұр. Бұл жаратылғандардың жаратылыс мақсаты адам үшін, оның игілігін қамтамасыз ету. Табиғат өзінің жаратылыс мақсатын, мәнін толық біледі, сезінеді. Табиғатқа бұл қызметті Тәңір бергендіктен, оның еркі Тәңірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәңір алдында жауапқа тартылады. Иасауи ілімі сол ерікті қалай қолдансақ, адамдық мәнге жетеміз, Тәңірге лайықты құл боламыз деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәнің ақиқатын табу, өзін-өзі тану жолы. Иасауи ілімінде адам өзімен-өзі үндесіп, ішкі тұрақтылыққа, тыныштыққа жету арқылы қоғамдағы тұтастыққа, бірлікке, тыныштыққа, бақытқа жету және бөліну, ыдырау психологиясынан адамды арылту, құтқару басты мақсат. Иасауи адамның ішкі әлеміндегі ыдырауды реттеу үшін, өзімен-өзі тұтастануы үшін оған көмек ететін жалғыз нәрсені ұсынады, ол – Тәңірге ғашықтық. Дәруіштік жолға түскен шәкірт үшін бір ұстаздың жол көрсетуі тиіс болса, адам да осы “соғыста” жеңіп шығуы үшін ең алдымен махаббатқа жүгінуі керек.

Ал, Қорқыт Ата дүниетанымында жол көрсетіп, жөнге салатын күш және осы күштен туған төре мен жарғы, дәстүр болатын. Ал Иасауиде адамға жөн сілтер, жол көрсетуші серігі – ақыл (басират – көңілдің көзі), ал ақыл адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін, өзіндік мәнге жетуіне маңыз беретін Тәңірі тарапынан берілген ұлы күш. Адам ақылы арқасында періштеден де үстем тұр. Адам өзін-өзі тану арқылы менмендік, кекшілдік, ашу, өтірік, жамандық, құмарлық және т.с.с. адамның ішкі әлемін балталайтын, пессимистік, қорқу психологиясынан арылады. Иасауи ішкі әлемде құрылған үйлесімділік, тепе-теңдік, тұтастықтың бұзылмай, үздіксіз хәлге, әдетке айналуы үшін адамды тобашылдық, қанағат, сабыр, игілік, жомарттық,

шыншылдық, әділет пен қарапайымдылыққа шақырып, өзара сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерді байытуға үндейді.

Қорқыт Ата мен Әзіреті Иасауи – түркілік дүниетанымның екі кезеңінің өкілдері. Иасауидің кезеңінде өркениеттің ауысуы нәтижесінде әртүрлі келеңсіздіктер, беймәлім жаңалықтың мәніне жете алмаушылықтардан туындаған бұрынғы құндылықтар мен ұстындардың шайқалып, бостық, хаостық психология дендеген. Осы бостықты толтырып, реттеу үшін Иасауи өзінің төл ілімін дамытып, қоғамға ұсынып отыр.

Бұл жерде Қорқыт Ата мен Әзіреті Иасауи арасындағы ең маңызды айырмашылық Иасауи өз ілімін, жүйесін қоғамға ендіру, қабылдату үшін, бір жол, метод, жөн-жосық ұсынып отыр. Ал Қорқыт Ата болса, қоғамдағы бірлік пен тұтастықтың ұйытқысы – дәстүрлі дүниетанымдық құндылықтарды өз тізгінінде ұстап отыр. Яғни Қорқыт Ата жаңа құндылықтар ұсынбайды. Оның дүниетанымдық мұхитындағы құндылықтардың қоғамдағы көрінісі анық. Сондықтан Қорқыт Атаны өз қоғамының көріністері мен құндылықтарын тұрақты, толық көрсететін тегіс айна десек, ал Әзіреті Иасауиды қоғамдық санаға, дүниетанымға енді ғана бойлай еніп келе жатқан ойлардың, ұстындардың толқыны мен екпіні ретінде көруге болады. Иасауи ілімі мен ойларының қоғамнан орын тебуі үшін әлі талай ғасыр өтуі керек болатын. Бұл процесс бүгін де әлі жандылығы мен өзектілігін сақтап келеді десек қателеспейміз сірә.

Иасауи дүниетанымында өлімнің өзі жаңа өмірдің бастауы. Өлім құбылысы Хақпен қауыштыратын көпір. Ол бұл дүниеде өлмес бұрын өлуге тырысып бағады. Яғни, физикалық өлімнен бұрын осы дүниеде рухани өлімге жетіп, хақпен қауышу басты мақсаты. Сондықтан ол өлімнің өзінен емес, Тәңірге, яғни, дос деп шақырған болмысқа ұласа алмай, өмірден өтуден қауіптенеді. Физикалық өлімнің ол үшін ешқандай мағына, мәні жоқ. Иасауидің мұраты-қорку мен өлімнен тыс бір әлем. Ол өлімсіздік, мәңгілік өмір. Мәңгілік өмірді өз басынан өткізуді армандайды, адамдармен әрдайым бірге болуды көксейді. Бұл ұлы мұратқа, оның ілімінде тек Хаққа қауышу арқылы ғана жетуге болады.

Қорқыт Ата дүниетанымында “жабысу”, “табысу”, “бақсылық жол”, “қобыз”, “қобыз тарту”, “Желмая”, “Желмаямен желу”, “күй тарту – сарын”, “өлімнен қашу”, “дария-су” т.б. құбылыстық түсініктердің Тәңірлік сенімдегі “қамдық дертке ұшыраудың” немесе қам болудың психологиялық-тәжірибелік сатыларын көрсететін хәлдер, сонымен қатар мифтік-символдық ойлаудың көріністері екендігін байқауға болады. Қамдық тағдыр, яғни адам Тәңірдің еркін орындауға міндетті болмыс ретінде детерминистік қысым арқылы түркілік дүниетаным адамының қоғамын рухани тұрғыдан азықтандыру үшін берілген. Бұл құбылыстық түсініктер Иасауи ілімінде маңызды сопылық тәжірибелік әрі философиялық категория дәрежесіне көтерілген.

Иасауи ілімінде адам өз еркімен “сопылық жолға” түседі. Бұл жолдың мақсаты адамның жеке рухани кемелденуі мен бақытқа жетуін қамтамасыз етеді. Бұл жолды таңдау адамның өз еркіндегі іс. Сонымен қатар сопылық

генетикалық яғни, атадан балаға ауысатын кәсіп те емес. Сондықтан сопылық жолда жоғарыда айтқан қамдық жолындағыдай “жабысу” мен “табысу” сияқты психологиялық хәлдер, құбылыстар жоқ. Бірақ “табысу” сопылықта “пірге қол беру” яғни, сайри сулук – рухани тәрбие мектебіне баруды білдіретін “тәуба” мақамымен құбылыстық тұрғыдан төркіндес. “Бақсылық жол” сопылықта “сайри сулук”, “тариқат этикасы” ретінде психотехникалық – рухани тазару мектебі болып табылады. “Қобыз”, “Желмая” бұлар сопылықта рухани экстаз бен транс хәлдерін білдіретін “уажд” (экстаз), “шаук” (рухани шабыт), “мукашафа” (иені табу), “мушахада” (дидар көру) сияқты сопылық танымдық ұғымдарға айналған. “Қобыз тарту – сарын”, “Желмаямен желу” болса, сопылықтағы рухты тәрбиелеудің, нәпсіні тізгіндеудің құралы болып табылатын “риязат” (рухты тәрбиелеу әдісі), “мужахада” (нәпсімен күрес), “зікір” (Хақты еске алу), “уирд” (Хақтың есімін қайталау) әдістерін елестетеді. “Дария” сопылықтағы мақамдарды, хәлдерді, рухани даму жолдарын көрсетеді. Иасауи бұл ұғымды өзгеріссіз түркілік дүниетанымнан алғанға ұқсайды. Өйткені оның Мир’ат-ул Қулуб атты рисаласында рухтың даму жолдары “дариялардың” мәніне тоқталған [36]. “Өлімнен қашу” емес Иасауи ілімінің барлық мәні “өлмес бұрын өлуге” негізделген. Осы салыстырулар діни феноменологиялық, ұғымдық ұстындар арқылы жүзеге асқан құндылықтық алмасулардағы мазмұндық трансформациялық өзгерістің табиғатын көрсетуге жарайтын негізгі терминдер екендігі анық. Бір ұғым бір категория. Сондықтан әрбір ұғымның мазмұнын анықтаудың маңыздылығы мен адамның рухының мәнін ашу арасында параллельдік табиғи нәрсе. Бұл құбылыс Иасауи ілімінің өзекті мәселесі адам әлемін ұғынуда, оның психологиялық хәлдерін реттеуде маңызды роль атқарған.

Иасауи, Қорқыт қоғамы адамы мен өзінің кемел адам типін өзара тепе-тең дәрежедегі табиғи сұхбат арқылы тұтастандырды. Бұл тұтастандыру әдісі де рух арқылы жүзеге асты. Иасауи адам туралы ілімінде рухтың өз ішінде тұтастыққа жетуі арқылы тәнмен, қоршаған ортасымен үйлесімділікке жететіні сияқты адам да рухының иманы арқылы басқаларды да, Тәңірдің “махаббатпен жаратқан” болмысы “әрбір адамды – Тәңірдің айнасы” ретінде қабылдап, одан өзін көруге ұмтылғанда ғана адамдар арасында сұхбат, танысу, табысу, құрмет пайда болатындығын дәлелдеді. Оның ілімінің мәні адам екендігін артында қалған “Диуани Хикмет” атты еңбегінің мазмұнынан көруге болады. Тіпті Диуани Хикметті ол “Дафтар ус Сани” деп атайды. Дафтар-ус-сани деп, сопылық терминологияда адамды айтады. Оның “Мир’ат-ул Қулуб” атты еңбегінің мағынасы да “Көңілдің, рухтың, Тәңірдің айнасы” дегенді білдіріп, сопылық терминологияда адам үшін қолданылады. Яғни, Иасауидің екі еңбегінің аты да “адам” болғаны сияқты оның ілімінің мәні – рух тазалығы, ар.

ҚЫДЫР Т.

филология ғылымдарының кандидаты
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ТҮРКІ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ немесе «ТІЛ БАЙЫТУДЫҢ БАЙЫРҒЫ ЖОЛЫ»

Мәшһүр шайыр Әбдірахман Жәми Шығыс ақындарына арналған естеліктерінде шығармаларымен күллі адамзат баласын тамсандырған Фердауси, Низами туралы «оны халыққа таныстырып жатудың өзі артық», «мадақтауды қажет етпейді» деген жолдармен жазатыны бар. Жәмидің осы сөздерін бүгінде сексен жылдығы кеңінен тойланып жатқан ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібай тұлғасына да қарата айтуға болатын секілді. Саналы ғұмырын ғылым жолына арнап, осы жолда тынбай ізденісте болған ғалым әдебиеттану, фольклортану және түркология салаларында жемісті еңбек етіп келеді. Ұзақ жылдарғы ізденісінің нәтижесінде бүгінгі күнге дейін оның қаламынан қырық шақты кітап дүниеге келсе, екі мыңға тарта зерттеу және публицистикалық мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрді. Ғалымның роман табиғаты мен эпосы әлеміне қатысты монографияларын, қазақ әдебиеті тарихы мен Шығыс шайырлары туралы зерттеулерін, сонымен бірге түркі тектес халықтардың ортақ рухани мұрасы төңірегіндегі ізденістерін оның қазақ ғылымының дамуына қосқан табысты еңбегі десек, тіл мен жер тағдыры, ұлт бірлігі мен түркі ұлысының тұтастығы хақындағы публицистикалық мақалалары арқылы бодандық кұрсауында жатқан ел санасына қозғау салып, олардың бойында ұлтжандылық, түркішілдік секілді асыл сезімдердің қалыптасуына өз септігін тигізді. Сондықтан да Рахманқұл Бердібайдың ғалымдық һәм азаматтық тұлғасы бүгінгі ұрпаққа жақсы таныс.

Араға жыл салмай жаңа кітабын баспаға ұсынатын ғалымның соңғы жылдары да екі бірдей еңбегі жарыққа шықты («Әдебиет сынының көкжиегі», Түркістан, 2006 ж.; «Әр жылдар ойлары», Түркістан, 2007 ж.). Бірінен соң бірі баспа көрген бұл кітаптарда академиктің соңғы жарты ғасыр көлемінде мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған зерттеу һәм публицистикалық мақалалары жинақталып, топтастырылып оқырман назарына ұсынылған. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары ұлттық әдебиетіміздің кең құлаш жайып, іргелі қос жанр – проза мен поэзияның шарықтап дамуына үлес қосқан белгілі ақын-жазушыларымыздың жаңа туындыларына қатысты жазған талдаулары, жетістігі мен кемшілігін ашып көрсетер сыни еңбектері «Әдебиет сынының көкжиегі» атты кітап та көрініс тапса, түркішілдік, елшілдік, ұлтжандылық тұрғыда ел қамын жеген мақалалары соңғы шыққан «Әр жылдар ойларында» топтастырылған. Ғалымның алғашқы кітабын ғылыми ізденістерімен құнды десек, кейінгі еңбегі рухани мұрамыздың асыл діңгегін насихаттаған, ана тіліміздің болашағына алаңдаған, түркі халықтарының бірлігін армандаған ғибратты жағымен ерекшеленеді. Әсіресе сол бір кездегі өзге идеологияның қатаң қыспағына қарамастан,

ұлттығымызға төніп келе жатқан қауіп-қатердің алдын алу үшін жазған жанайқайларының тәуелсіздік алған бүгінгі күнде де өз шешімін толық таппай қордаланып жатқаны көзі ашық жанды бейжай қалдырмасы анық.

XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында түркі ұландары көтерген түркішілдік идеясын кеңестік жүйенің тар құрсауына қарамастан қазақ топырағында қайта жалғастырып, бауырлас өзбек, қырғыз, татар, ноғай, әзірбайжан, түркімен, қарақалпақ т.б. халықтардың әдебиеті мен мәдениетінен алғаш сөз қозғап, рухани бірлікке шақырған да осы Рахманкүл Бердібай болатын. Оның «Ағайындас әдебиет, өзектес өнер» (1971 ж.), «Арма, Қарақалпақстан» (1981 ж.), «Достық нұр» (1979 ж.), «Ежелден етене әдебиет» (1972 ж.), «Жаңа Гүлістан» (1974 ж.), «Ноғайлар арасында» (1973 ж.), «Татар фольклоры» (1976 ж.), «Түбі бірге туысқан» (1968 ж.) секілді әр жылдары жазған мақалалары кеңес одағы тұсында мансұқталған түркішілдік рухын өшірмей, бұл идеяның бүгінгі тәуелсіздік күніне дейін жетуіне өз септігін тигізді. Бакуден шығып тұрған «Советская тюркология» журналына да редколлегия мүшелігінде болып, қазақ жұртының атынан өзіндік үн қосып отырды. Сондықтан да тек қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының ұландары Рахманкүл тұлғасын жақсы біледі. Жақсы біледі деп нық сеніммен айтуымызға себеп, осыдан екі-үш жыл бұрын Қазан, Уфа шаһарларына ғылыми іс-сапармен барғанымызда, жергілікті ғалымдардың алғаш сұрағаны да академиктің хал-ахуалы болатын. Ал Р.Бердібайдың жақын көрші жатқан өзбек, қарақалпақ, қырғыз ғалымдарымен рухани қатынасы өз алдына жеке тақырып.

Құшағын кең ашқан ғұлама ұлт мәселесіне түркішілдік, түркішілдік мәселесіне рухани тұтастық тұрғыдан қараған. Ол тілі мен діні ортақ, тарихы мен тегі бір туысқан халықтар мәдениетінің түпнегізден ажырамай, тұтастықта болуын насихаттады. Жазған еңбектерінде жалаң түркішілдікке бой алдырмай, шынайы рухани бірліктің іске асар тетіктерін ашып көрсетті. Исмайыл Гаспыралының «тілде, істе, пікірде» бірлік идеясын ары қарай өрбітіп, «тілде бірлік» ұстанымын өзінше тарқатты. Оның 1971 жылы жарық көрген «Тіл байытудың байырғы жолы» («Әр жылдар ойлары», Түркістан, 2007 ж.) атты мақаласында тіл байлығына түркішіл жанның көзімен қарап, ұлттық сөзқоржынымызды жаңа сөздермен толтыруда бауырлас халықтардың тәжірибесіне сүйеніп, байырғы жолды таңдау керек екендігін атап көрсетті. Тіл байытудың байырғы жолы дегенімізді ғалымның сөзімен тарқатар болсақ, «...ертеден осы күнге дейін көптеген Шығыс халықтары қолданып жүрген, бір кезде тілдік қорымызда болып, түрлі себептен шығып қалған сөздерді қайта жаңғырту» [2. 195].

Тіл – қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ру мен тайпаны, ұлт пен ұлысты біріктіретін негізгі фактор. Себебі халықтардың жақындасуы, әуелі, ұлттық дүниетанымнан тұратын мәдениетке байланысты десек, ал сол мәдениеттің бастапқы ұстыны тіл. Ұлыстар тілдік тұрғыдан жақындасқанымен де, мәдениет жағынан бір-бірінен алшақ болса, онда шынайы тұтастық жүзеге аспайды. Сол үшін де туысқан халықтардың сөздік қоры ортақ мәдениеттің негізінде жасалғанда ғана ұлыс тұтастанады. Осы

жағына басты назар аударған ғалым тілдік қорды толтыруға «жанадан термин жасау» және «көне кітаби атауларды қайта «тірілту», көрші, туыс халықтардың сөздік қорына сүйену» арқылы қол жеткізуге болатынын, ең тиімдісі «Ол – бір заманда бүкіл Орта, Таяу Шығыста ғылым, өнер, әдебиет тілі болған араб, парсы, түркі тілдерінен ертелі-кешті енген сөздер... Шығыс әдебиеті, соның ішінде әлгі үш тілде жасалған әдебиет ғасырлар бойында халқымызға таусылмас рухани азық болып келген. Ол тілдерден бізге жүздеген, мыңдаған ұғымдар ауысқан. Ондай сөздердің табиғи сіңісіп кеткендігі соншалық – арнап зерттеген кісі болмаса, тегі «бөтен» екендігін аңғара бермейді» [2. 191] - деп, екінші жол екеніне ерекше тоқталады.

Расында, орта ғасырда ислам өркениетінің аясында түркі халықтарының сөздік қорына еніп, бертін келе бүтіндей сіңіп кеткен араб, парсы сөздері бүгінгі тіл байлығымыздың басты бөлігін құрайды. Осы күндері кеңінен қолданылатын әдебиет, мәдениет, саясат, дәуір, өнер, кітап, ғылым, ілім, мұғалім, қалам, тарих, ұстаз, шәкірт, талаба секілді оқу-ағарту саласындағы сөздермен бірге, ар, нан, гүл, өмір, апта, дүйсенбі секілді тұрмыстық-әлеуметтік салада қолданылып жүрген атаулардың түпнегізі араб не парсыдан енгенін бұл күнде арнайы зерттемеген кісі біле бермейді. Қалыптасу тарихы бірнеше ғасырлар үлесінде жатқан мұндай атаулар қазақ тілінде дыбыстық үйлесім тауып, негізгі ұғымға ие болды. Өз алдарына отау тігіп, жеке шаңырақ көтерген түркі бауырларымыздың сөздік қорларында ислам өркениетінің ықпалымен пайда болған терминдер бізге қарағанда анағұрлым жиі кездеседі. Мұндай көне ұғымдар жазба жәдігерлер арқылы жетіп отыр. Орта ғасырда дүниеге келген «Құтты білік», «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы», «Қисасул Рабғузи» секілді әдеби мұраларымызда сол атаулардың кеңінен қолданылғанын дәлелдеп жатудың өзі артық. Себебі бір дін мен мәдениеттің астына ұйысқан халықтардың ортақ термин жасауы қалыпты жағдай. Осы күнгі Батыс жұртының сөздік қорларында қолданыста жүрген ғылыми-техникалық терминдерінің түпнегізі латын, грек тілдеріне барып тірелетіні секілді, шығыс мұсылман халықтарының атауларының қайнар бастауы араб, парсыдан басталған. «Білместікке дауа бар ма, бір кезде кейбір адамдарымыз түбірі шығыстан келген сөздерге күдікпен қарап, қуғынға салғаны да белгілі. Ондай теріс ұғымдардың сарқыншағынан әлі де арылып болмағаны өкінішті. ...Ондай кезде баяғыдан айтылып келе жатқан «шығыс сөздері тілімізді шұбарлайды» дейтін жаттанды «дәлел» алдыңнан шығады. Түбірі латын, грек немесе батыс еуропа тілдерінен тараған жүздеген, мыңдаған сөздерді сіңіріп жатқан тіліміз атам заманнан ескі лексикамызда бар кейбір ұғым-атауларды қайта қабылдағаннан нұқсанға ұшырайды дегенге сену қиын» [2. 330], – деп оның жазғанындай, бүгінгі күнде де жазба мұраларымыз арқылы жеткен көне атауларға үрке қарайтындар да баршылық. Біле білсек, ескі қазақ тілінде қолданылған көне атауларды ұмытқан сайын, Ж.Баласағұн, А.Иасауи, А.Йүгнеки, Б.Рабғузи, Х.Дулати, Бабур мұраларынан қашықтай беретініміз ақиқат. Онсыз да түркі мұсылман халықтарының ішінде ерекшеленіп сол бабалар мұрасын аударма болмаса, түпнұсқада оқып түсінбейтін хәлге жетіп отырмыз.

Р.Бердібай осы мақаласында бір кездері кеңінен қолданылып, бүгінде сөздік қорымыздан түсіп қалған көне атауларды қайта жаңғырту керек екенін, сонда ғана ана тіліміз бұрынғыдай шұрайланып, қолданылу аясы кеңейе түсетініне тоқталады. Оған мысал ретінде Абай және М.Әуезов шығармалары тілінің жатықтығын келтіріп «Тіпті оның (М.Әуезовтің – Т.Қ.) күллі зерттеу, публицистикалық, көркем туындыларында ежелгі ортаазиялық түркі тілдес әдебиетке тән «көне» сөздер жаңғырып, жарқырап шыға беретін» [2. 206] деп жазады.

Осылайша тіл байытудың байырғы жолын насихаттаған академик Р.Бердібай өз зерттеулерінде ежелден келе жатқан асыл сөздерімізді жаңғыртып, қайта қолданысқа енгізіп жатқанын ерекше атай кеткен жөн. «Бұл жөнінде қазақ жазба әдебиетінің бұрыннан келе жатқан өз дәстүрі бар. Біз бұл арада революциядан ілгерідегі «Айқал» журналы мен «Дала уалаяты» газетінің тәжірибесін де еске алуымыз керек» [2. 193] деп жазған ғалым архаизмдерді қолданысқа түсірудің ендігі бір тәсіліне көшіп, оны өз зерттеулерінде арагідік қолданып отырған. Мысалы, алпысыншы жылдардың соңынан бері жарияланып келе жатқан мақалаларында бір-екі көне сөзді пайдаланып, артынша оқырманға түсінікті болуы үшін жақша ішіне бүгінгі ұғымын да беріп отырған. Мысалы, «Шындығында Бұхара мен Самарқанның атағын асырған үлкенді-кішілі әкімдер емес, қолынан өнер тамған ұсталар, жазғаны ғасырларда өшпейтін хұснихат иелері (каллиграфтар), шер (өлең) төккен шайырлар, дүниенің құпиясын іздеген ғалымдар ғой» («Түбі бірге туысқан», 1968 ж.), «Бұдан жалпы адам баласына тән жақсы қасиет – бұрынғы өткен бұлдыр дәуірлерді өз хатирасында (есінде) сақтай білетіндік байқалады» («Көне Құлан жерінде», 1973 ж.) [2. 226], «Араб нәсірі (проза) мен назымының (поэзия) бірталай заңдылықтарының өрнегі ескі қазақ әдебиетінің нұсқаларынан кездесе береді» («Шам елінде», 1981 ж.) [2. 328] деген сөйлемдерде ортағасырлық жазба жәдігерлерде кеңінен қолданылып, Абай заманына дейін жеткен, алайда бүгінде ұмыт бола бастаған хұснихат, шер, хатира, нәсір және назым секілді әдеби терминдерді бүгінгі ұрпаққа қайта таныстырады. Ғалымның осындай ұлтжандылығының әрі тілге деген жанашырлығының арқасында шайыр, мәтін, жәдігер секілді бірқатар әдеби атаулар қолданысқа қайта енді. Осылайша проза, поэзия, каллиграф, текст секілді толып жатқан ғылыми терминдердің орнына ескі ұғымдарды қолданар болсақ, ата дініміз ислам мәдениетіне біртабан жақындаймыз әрі тіліміздің қолданыс аясы кеңейе түсетіні ақиқат. Ал, қазақ тілінде баламасы бар сөздерге неліктен көне атауды қолдануымыз керек деген сауалдың жауабын да осы мақаладан табамыз. «Қазіргі әдеби тілде өз алдына дербес екі ұғымды бір-ақ сөзбен берушілік кездеседі. Бұл әдеби тіл байлығын, кемелдікті көрсетпесе керек. Атап айтқанда, біз бұл күнге дейінгі ауызша және жазбаша өлең шығаратын, орысша айтқанда «импровизатор» мен «поэтті» бір сөзбен «ақын» деп жүрміз. Шынында, бұл онша дәл емес. Сол үшін суырыпсалма, төкпе ақынды «ақын» деп, жазып шығаратынды «шайыр» деп алғанымыз абзал. ...Сондай-ақ «издательство» мен «типографияны» «баспа» деген сөзге таңып қою жараспайды. «Типография» орнына

«баспахана» жүргенімен, «баспа» «издательство» болуы қиын. Осы себептен «издательствоны» «нәшрият» деп алған орынды болар» [2. 192].

Ғалымның бұл жазғандарымен келіспеу қиын. Мәдениеті бөлек орыс немесе орыс тілі арқылы енген батыс терминдерінің орнына жазба жәдігерлерімізде қолданылған шығыс сөздерін енгізу тек қазақтың ғана емес, барша түркі мұсылман халықтарының басты назарда ұстайтын мәселесі. Себебі бүгінгідей ғылым мен техниканың шарықтап дамыған мына заманда ортақ мәдениет төңірегінде топтаспаған ұлт пен ұлыстарды жаһандану күйіні жұтып жіберу қаупі бар. Жоғарыда айтқанымыздай, мұндай алапат күйіннен тек түркішілдікке негізделген ұлтжандылық қана сақтап қалады. Сол үшін де термин таңдауда көрші туысқан халықтардың тәжірибесіне де арқа сүйеу керек екендігін академик былайша жеткізеді: «Мәселен, қазіргі өзбек, әзірбайжан тілдерінде көптеген ғылым, пән терминдері дәстүрлі көне Шығыс атауларымен беріліп жүр. Бұл тілдерде, айталық, рәсімхат (сызу), риязият (математика), мәнтик (логика), расытхана (обсерватория), хомус (энциклопедия), дарулфунун (университет), муаллиф (автор) тәрізді сөздер европалық атаулармен қатарлас, синоним ретінде қолданыла береді» [2. 193].

Р.Бердібайдың тілге қатысты жазған мақалаларынан екі нәрсені аңғаруға болады. Біріншісі, ғұламаның ортағасырлық түркі жазба тілінде жазылған әдеби ескерткіштермен жақыннан таныстығы болса, екіншіден, түркі тектес халықтардың бүгінгі әдебиетін де жетік білуі. Бауырлас халықтардың әдебиет айдынында қол жеткен табыстарын жіті бақылап отырған академик сол көркем шығармаларды оқырманға жеткізуші құрал – тіл мәселесін де ерекше назарда ұстаған. Ол “Туысқан халықтардың әдебиет тілінен байқалатын және бір қызғылықты нәрсе – ежелгі түркі терминдерді барған сайын молырақ қолдануға ұмтылушылық” [2. 194] деп, олардағы сөзжасам дәстүрінің үзілмегендігіне ризашылық танытса, ал кейбір бауырлас халықтардың көне атауларды жаңғыртуы былай тұрсын, қолданыста жүрген сөздерін жаңа терминдермен өзгертуіне алаңдаушылықпен қараған. Оның ноғайлардың әдеби, мәдени өмірі туралы сыр шертер “Ноғайлар арасында” (1973 ж.) деген мақаласында “Ноғай тілінде ежелден қалыптасқан тарих, әдебиет, мәдениет, мектеп, мұғалім, қағаз, қалам, хат деген сияқты сөздер соңғы жылдарда жазылмайтын болыпты” деп ашына жазуында өзіндік мән бар. Себебі түбі бір болғанымен де, бертін келе диалект тұрғысынан алшақтай бастаған тілдік байланыс көне терминдерді ығыстырып шығару арқылы одан әрі қашықтай түсетіні айтпаса да түсінікті. ХІХ ғасырдың соңына дейін бәріне ортақ болып келген түркі жазба тілінен, әуелі, әріп реформалау, бертін келе басқа әліппеге көшіу секілді саяси өзгерістердің нәтижесінде біртіндеп қол жазып қалдық та, әр халық өзінің диалектіге негізделген сөйлеу тілін әдеби тілге айналдырумен рухани қатынас алшақтап кетті. Енді түркі халықтарының сөздік қорларындағы араб, парсыдан еніп, жазба мұраларымызда кеңінен қолданылған кітап, жәдігер, қалам, дәптер, мұғалім секілді көптеген терминдерді қолданыстан шығарар болсақ, онда түркілік байланыс тіптен алшақтайтын түрі бар. Мысалы, түпкі негізі арабтан шығатын әдебиет деген термин әзірбайжан, татар, ұйғыр тілдерінде әдәбият,

өзбекше адабиет, түрікше edebiyat, ал қазақша әдебиет деп біркелкі қолданылады. Алайда бауырлас халықтың біреуі осы атаудың орнына өзінше жаңа термин ойлап тапса, түркілік түпнегізден алшақтай түседі. Сондықтан да бүгінгі түркі ұландары ескі тілдегі көне атауларды жаңғыртып қана қоймастан, ғылым мен техниканың дамуымен тілімізге орыс немесе орыс тілі арқылы енген батыс (батыс сөздері дегенімізбен, ол терминдердің түпнегізі христиан мәдениетінің тілі латын, гректен алынған) терминдерінің орнына “қазақ жазба әдебиетінің бұрыннан келе жатқан өз дәстүрін” (Р.Бердібай) сақтай отырып, ислам мәдениетінің аясында пайда болған атаулармен ауыстырған жөн секілді. Академиктің “Әзірбайжанда “облысты” “уалаят”, Тәжікстанда “министрлікті” “уәзират” деп жазады. Салыстырып іздестірсе, бұл секілді көп қызғылықты мысалдарды кездестіруге болады. Кейде қазақ тілінің сөз қорынан таптырмай жүрген сөздер осындай ретпен қабылдануына болады” [2. 194] деп жазуы ойымызды нақтылай түседі.

Егер ондай терминдердің баламасы бүгінгі парсы не араб тілдерінде біркелкі болмаса, немесе сол халықтардың өздері біз іздеген ұғымның атауын батысша қолданса, сонда ғана европадан кірген терминдерді қалдыруға, тіліміздің негізінде жаңа сөз жасауға толық негіз бар.

Тарих беттерін көп парақтаған жанның түркішіл болмауы екіталай. Бір-екі ғасыр тереңірек тарих қойнауына енсең болды, діні, мәдениеті және тілі бір халықтар өзіннің туған бауырындай болып көрінетіні анық. Қазақ ұлтының тағдырына түркішілдік рухпен қараған Рахманқұл Бердібайдың тіл тұрғысындағы пайымы да осы себептен туған. Осы күнгі білікті ғалымдардың ХХІ ғасыр мәдениеттер тоғысы, өркениеттер қақтығысы болады деп жазып жүргеніндей, жаһандану құйынынан тек ортақ мәдениет төңірегіне топтасқанда ғана ұлттық қасиеттерді сақтап қалуға болады. Бұл дегеніміз, өткен ғасырдың басындағы түркішілдеріміз секілді бір тудың астына жиналып, бір мемлекет құрмасақ та, мәдени тұтастықты сақтай отырып, рухани бірлікте болу. Оның алғы шарты – тілде бірлік. Ол үшін кейбір түркішіл ғалымдар секілді жаңадан ортақ түркі тілін ойлап табудың қажеті жоқ. Тек ежелгі дәстүрді қайта жаңғыртсақ жетіп жатыр. Ойымыздың қорытындысын осыдан отыз бес жыл бұрын айтылған Рахманқұл Бердібайдың сөздерімен түйіндер болсақ, “Болашақта барлық пәннен қазақша не оқулық, не аударма жасайтын кез келгенде жүздеген атауларды жаңадан бекіту қажеттігі тумак. Сол кезде біздің сүйенер тағы бір сенімді резервіміз сан ғасыр даму тарихы бар араб, парсы, түрік тілдерінің қазынасы болмақ. Міне, бұл жағдайды мемлекеттік терминком, баспа орындары кең ойлап, ұдайы жұмыс жүргізуі тиіс” [2. 195].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердібай Р. Әдебиет сынының көкжиегі. Түркістан: Тұран, 2006. 524 б.
2. Бердібай Р. Әр жылдар ойлары. (Әдебиет, өнер, фольклор, түркология) Түркістан: Тұран, 2007. 680 б.

ЕРГӨБЕК С.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «МӘРДІ ДИХАН» ДАСТАНЫ

XX ғасыр басындағы әдебиет қаламгерлік құрамы жағынан да, жанрлық және көркемдік жағынан да өскен, көркейген әдебиет болды. Себебі, XIX ғасырдың екінші жартысында өркен жая бастаған ағартушылық ой-идея XX ғасыр басында әдебиеттің басты бағытына айналды, негізгі тақырыбы болды. Өсуі, ағартушылық ойы, қаламгерлік құрамы, шығармашылық бағытына байланысты бірнеше жағдайда көрініс берді. Бұл жағдайда ең алдымен ауызға алынар мәселе – дәстүрлі ақын-жыраулар поэзиясының XX ғасыр басында онан әрі дами түсуі. «XX ғасырдың бас кезінде жыраулық, ақпа ақындық дәстүрмен келген ақындар аз болған жоқ... Дәстүрлі жыраулық, ақпа ақындық XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ жазба дағдымен аралас келе бастады... Ығылман, Мұқан, Қайыпназар, т.б. көптеген ақындар ақпа ақын, жыраулық дәстүрден келгенмен, кейін жазба дағдыны ұстанған. Соған қарағанда, XX ғасыр басында бағзы ақпа, суырып салма ақындық дәстүрлерден жазба ақындар әлдеқайда көп болған. Ол мектеп, медреседе оқып, білім, ғылым дәмін татып, өзге ел әдеби нұсқаларымен танысуға мүмкіндік алған кезеңнің заңдылығы [1. 11].

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басында шығармашылық еткен бірқатар ақындарды бүгінгі әдебиеттану ғылымында кітаби ақын, шайыр, қиссашыл ақын секілді бірнеше атаулармен береді. Оның себебі, олардың тәрбие алған негізгі бастауы қазақ фольклоры мен жыраулық, ақындық поэзия болғанымен, мектеп, медреселерде білім алып, мұсылманша жақсы сауатты болған ақындар. «Діни оқу орындарында оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін біліп, сол тілдерде жарық көрген Орта Азия, Қазақстан аймағына тараған шығыс әдебиеті үлгілерімен діни тақырыптағы шығармалардағы сюжеттерді пайдаланып, хисса, хикаялар жазған, классикалық һәм діндарлық шығармаларды аударған. Шығыстың классикалық шығармаларымен таныстырып, насихаттауда кітаби ақындардың елеулі ролі болды» [1. 12-13].

XX ғасыр басындағы кітаби ақын-шайырлар қатарында М.Қалтайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Мұсабек Байзақұлы, т.б. ақындарды атауға болады [2. 471].

Осы ақындардың қалың ортасында шығармашылығының үлкен бөлігі шығыс фольклорымен классикалық әдебиетімен тығыз байланыста қалыптасқан, қазақ әдебиетін әлемдік дәрежедегі ұлы туындылар Құран сюжеттерімен, «Шаһнама», «Мың бір түн», «Кәлилә мен Димнә», «Тотынама» үлгілерімен байытқан ғажайып қаламгер Тұрмағамбет Ізтілеуұлын атауға болады.

Ол - «Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану» секілді шығыс фольклоры сюжеттерінің желісі бойынша жырланған дастандар, «Лұқпан Хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Төрт дос», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана», т.б. мысалдар шоғырын дүниге әкелген ақын [3. 7]. Тұрмағамбет ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы теңдесі жоқ еңбегі әлемдік дәрежедегі ұлы туынды. Әбілқасым Фердоусидің «Шаһнамасын» тұңғыш рет кең көлемде жырлауы ақын артында қырық сегіз қалың дәптер көлемінде қалған бұл туынды 1961 жылы М.О.Әуезов алғысөзімен «Рүстем-Дастан» деген атпен кітап болып басылып шықты [4. 7]. Кітаптың атынан көрініп тұрғанындай мұнда ақын жырлаған «Шаһнаманың» тек «Рүстем-Дастан» бөлігі ғана жарияланған болатын. Ал 2004 жылы «Шаһнама» деген атпен екі кітап көлемінде толық басылды. Бұл – ақын қаламынан туып, қазақ әдебиетіне өлшеусіз мол қазына болып қосылған туынды [5. 19].

Кеңес дәуірінде қазақ әдебиетінің шығыс әлемімен байланысы, мұсылман дініне қатысты дүниеге келген туындылар және олардың авторлары саясат ықпалымен шеттетіліп қалғаны анық. Соның бір көрінісі – Тұрмағамбет шығармаларының күні кешеге дейін толық жарияланым көрмей келуі. Дегенмен, оның «Назым» атты шағын шығармалар жинағы 1972 және 1982 жылдары жарық көрді. Қазақ әдебиеті тарихының II том, 2-кітабында ақын өмірі мен шығармашылығы туралы монографиялық тарау берілді. Тарау авторлары – акад. М.Қаратаев және М.Байділдаев болды [6]. Сол секілді ақын шығармашылығын зерттеген, бірнеше ғылыми мақалалар арнаған ғалым Р.Бердібай болды: «Народный акын Турмагамбет Изтлеуов». – Народы Азии и Африки, 1962, №2, С.246; «Асыл қазына ана тілімізде», «Қазақ әдебиеті», 1961, 11 август, №33; М.Байділдаевпен бірге «Қазақ әдебиеті қорына қосылған қымбат қазына» - Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1962, №6, 77-82бб; Кітаптары: «Гүлістанның бұлбұлдары». А., 1975; «Жұлдыздар жарығы». А., 2000.

Жалпы ақын шығармашылығы туралы әр кез сөз еткен ғалымдарды М.Әуезовтен бастап, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, М.Дүйсенов, Ә.Тәжібаев, М.Мағауин, К.Сейдеханов, Қ.Сыдықов, Н.Төрекұлов, Ө.Күмісбаев, Т.Тебегенов, Ш.Керім т.б. деп айта беруге болады. Ақынның соңғы шығармалар жинағын шығарған ғалым Б.Жүсіповтің еңбегін ерекше атап айтқанымыз жөн.

Бүгінгі таңда кітаби ақын-шайырларымыздың жеке жинақтары жариялануда. Сонымен бірге қазақ әдебиеті тарихының үлкен бір саласы ретінде ғылыми тұрғыда қарастырылып, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қарасақал Ерімбеттің, Шораяқтың Омарының жеке жинақтарының жариялануы, Тұрмағамбет Изтлеуұлының «Шаһнамасының» екі кітап болып, өзге шығармалары 37 баспа табақ көлемінде 2007 жылы басылып шығуы, ақынның 125 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференцияның өтілуі айтылған жайлардың айғағы болса керек.

Артына айрықша айшықты өлеңдер, тақпақтар, рубайлар, нақыл сөздер, мысалдар мен дастандардың мол шоғырын, қазақ жерінің оңтүстігі мен